

"Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 3-2/482 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 маусымда № 11469 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 13 мамырдағы № 159 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 13.05.2021 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. "Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентін бекіту және "Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012 жылғы 26 сәуірдегі № 18-02/212 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы

25 маусымдағы № 3-2/320 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9606 болып тіркелген) 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгілінген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

міндетін атқарушы

С. Омаров

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 мамырдағы
№ 3-2/ 482 бұйрығымен
бекітілген

"Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 3-2/378 бұйрығымен бекітілген "Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған

балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11284 тіркелген) (бұдан әрі – Стандарт) негізінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық бөлімшелерімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрі: электронды (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде – осы "Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне (бұдан әрі – Регламент) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымдық куәлікті немесе оған барабар құжатты тану туралы қағаз жеткізгіштегі қорытынды;

2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталында (бұдан әрі – портал) – осы Регламентке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымдық куәлікті немесе оған барабар құжатты тану туралы уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған қорытынды қоса берілген хабарлама.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмысшыларының) іс-әрекеттері тәртібінің сипаттамасы

4. Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсыру мемлекеттік қызметті көрсету рәсімін (іс-қимылын) бастау үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі:

көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қабылдайды, кіріс хат-хабарды тіркейтін журналда тіркейді;

құжатты көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарар қойып, кейіннен жауапты орындаушыға беру үшін беріледі – қабылданған құжаттар топтамасын беру уақыты – отыз минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы хат-хабарды қарастырады және жауапты орындаушыны анықтайды – қабылданған құжаттар топтамасын беру уақыты – үш сағаттан артық емес;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы:

қабылданған құжаттарды қарастырады, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті құрған Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәліктің немесе оған балама құжаттың үлгісін қарастыру жөніндегі комиссиямен (бұдан әрі - Комиссия) келісілген экспорттаушы елдің құзыретті органы импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәліктің немесе оған балама құжаттың үлгісінің (бұдан әрі - Үлгі) бар болуын тексереді;

асыл тұқымдық куәліктің немесе оған балама құжаттың көшірмелерінде немесе түпнұсқаларында көрсетілген барлық мәліметтерді Үлгімен салыстыруды өткізеді;

асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану туралы қорытындының жобасын дайындайды – тоғыз жұмыс күнінде;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану туралы қорытындының жобасымен танысуды өткізеді және оған қол қояды - қабылданған құжаттар топтамасын беру уақыты – үш сағаттан артық емес;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы:

асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану туралы қорытындыны көрсетілетін қызметті алушыға береді – қабылданған құжаттар топтамасын беру уақыты – отыз минут;

шығыс хат-хабарлар журналында белгі жасалады.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) кіріс нөмірі бар тіркелген өтінім;
- 2) ұсынылған құжаттардың толықтығы және дұрыстығы;
- 3) асыл тұқымдық куәлікті тану туралы қорытынды.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмысшыларының) өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде келесі құрылымдық–функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) іске қосылады:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің ҚФБ арасындағы өзара рәсімдердің (іс-қимылдың) реттілігінің сипаттамасы осы Регламентке 2-қосымшада келтірілген.

9. "Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік қызметін көрсетудің бизнес-процесінің анықтамалығы осы Регламентке 3-қосымшада келтірілген.

4. Порталмен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

10. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының халыққа қызмет көрсету орталығына және (немесе) басқа да көрсетілетін қызметті берушілерге жүгіну мүмкіндігі қарастырылмаған.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталға немесе көрсетілетін қызметті берушіге өтінім береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі Стандарттың 8-тармағында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет Стандарттың 4-тармағында көрсетілген мерзімдерде көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің порталдағы іс-қимылдары мен шешімдерінің қадамдық сипаттамасы осы Регламентке 4-қосымшада келтірілген.

11. Электронды мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қажетті ақпарат пен кеңесті мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

"Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған

Нысан

**Асыл тұқым куәлігін немесе оған балама құжатты тану туралы
қорытынды**

1. Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл
тұқымды өнімге (материалға) берген танылған асыл тұқымдық куәлік
немесе оған балама құжаттың тізімі

№	Асыл тұқымды мал туралы жалпы мәлімет						Асыл тұқымды малдың сәйкестендіру нөмірі**				Асыл тұқым куәлігінің немесе сертификаттың тіркеу нөмірі	Мал тұқым куәлігі мәлі
	түрі	жынысы	Тұқымы	Лақап аты және белгілері	Туған күні	Тірі салмағы, кг*	Құлақ сырғасы	электронды чип	татуировка	таңба		Баға бойынсы

2. Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл
тұқымды өнімге (материалға) берген танылмаған асыл тұқымдық куәлік
немесе оған балама құжаттың тізімі

№	Асыл тұқымды мал туралы жалпы мәлімет						Асыл тұқымды малдың сәйкестендіру нөмірі**				Асыл тұқым куәлігінің немесе сертификаттың тіркеу нөмірі	Мал тұқым куәлігі мәлі
	түрі	жынысы	Тұқымы	Лақап аты және белгілері	Туған күні	Тірі салмағы, кг*	Құлақ сырғасы	электронды чип	татуировка	таңба		Баға бойынсы

*- өнімділік бағыттағы етті ірі қара малдар, қойлар, шошқалар, жылқылар және түйелер үшін

** - тізілгендердің ішінен біреуі немесе бірнешеуі көрсетіледі

*** - бағалау көрсеткіші бар болуы туралы белгі қойылады

Асыл тұқым куәлігін немесе оған балама құжатты тану туралы қорытындыны берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Күні _____

Мөр орны (қолы)

"Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша

**Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып,
көрсетілетін қызметті берушінің ҚФБ арасындағы өзара
рәсімдердің (іс-қимылдың) реттілігінің сипаттамасы
1-кесте. ҚФБ іс-қимылдарының сипаттамасы**

1	Іс-қимыл № (барысы, жұмыс ағыны)	1	2	3	4	5
2	ҚФБ атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы
	Іс-қимылдың процестің, рәсімнің, операцияның)	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының	Хат-хабармен танысу, жауапты	Алынған құжаттарды қарастыру, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті құрған асыл тұқымдық куәліктерді немесе оған балама құжаттарды қарастыру жөніндегі комиссиямен (бұдан әрі - Комиссия) келісілген экспорттаушы	Асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану	Асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану

3	атауы және олардың сипаттамасы	құжаттарын қабылдау және тіркеу	орындаушыны анықтау	елдің құзыретті органымен импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берілген асыл тұқымдық куәліктің немесе оған балама құжат үлгісінің (бұдан әрі - Үлгі) бар болуын тексеру, асыл тұқымдық куәліктің немесе оған балама құжаттың көшірмелерінде немесе түпнұсқаларында көрсетілген барлық мәліметтерді Үлгімен салыстыруды жүргізу	туралы қорытындының жобасымен танысу	туралы қорытындыны көрсетілетін қызметті алушыға беру
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкім ету шешімі)	Кіріс хат-хабар журналында тіркеу, құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарар қою үшін жолдау	Қарар қою, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына құжаттарды жіберу	Асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану туралы қорытындының жобасы	Асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану туралы қорытындыға қол қою және әрі қарай қарармен бірге көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына беру	Шығыс хат-хабарлар журналында белгі жасау
5	Орындалу мерзімдері	қырық минуттан артық емес	үш сағаттан артық емес	тоғыз жұмыс күнінде	отыз минут	отыз минут

2-кесте. Қолдану нұсқалары. Негізгі процесс.


Негізгі процесс (барысы, жұмыс ағыны)		
Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі	Қызмет берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы
№ 1 іс-әрекет	№ 3 іс-әрекет	№ 4 іс-әрекет
Қызметті алушыдан құжаттарды		Қабылданған құжаттарды қарастырады, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі

қабылдау, кіріс хат-хабарды тіркейтін журналда тіркеу, қызметті алушыға сәйкесінше құжаттар қабылданғаны туралы қолхат беру (отыз минут)	Хат-хабармен танысу, жауапты орындаушыны анықтау. (үш сағаттан артық емес)	мемлекеттік инспекция Комитеті асыл тұқымдық куәліктерді немесе оған балама құжаттарды қарастыру бойынша құрған Комиссиямен (бұдан әрі - Комиссия) келісілген экспорттаушы-елдің құзыретті органымен импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берілген асыл тұқымдық куәліктің немесе оған балама құжаттың үлгінің (бұдан әрі - Үлгі) бар болуын тексереді. Асыл тұқымдық куәліктің немесе оған балама құжаттың көшірмелерінде немесе түпнұсқаларында көрсетілген барлық мәліметтерді Үлгімен салыстыру өткізеді (тоғыз жұмыс күнінде)
№ 2 іс-әрекет	№ 5 іс-әрекет	№ 6 іс-әрекет
Қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына беру (отыз минут)	Асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану туралы қорытынды жобасымен танысу және қол қою (үш сағаттан артық емес)	Асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану туралы қорытындыны қызметті алушыға беру (отыз минут)
		№ 7 іс-әрекет
		Шығыс хат-хабарлар журналында белгі жасау

"Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік қызмет регламентіне
3-қосымша

"Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамасы



2. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі "Келіп түскен өтінімдер" бөлімін таңдайды



3. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі кіріс нөмірін береді. Өтінімге басады және "Өтінім" қосымша бетіндегі "Келіп түскен өтінімдерді өңдеу" тарауына басады.

№	№КЗ	Дата	Наименование услуги	Тип заявления	Заявитель	Источник под
1	K2919CS00012076		Государственная регистрация пестицидов (агрохимикатов)	Заявление на выдачу лицензии/разрешения	Акционерное общество "Национальные информационные технологии"	Электронная
2	K2491CS00010128	18.09.2013 10:28:39	Государственная регистрация пестицидов (агрохимикатов)	Заявление на выдачу лицензии/разрешения	Акционерное общество "Национальные информационные технологии"	Электронная
3	K2491CS00010121	03.09.2013 17:44:14	Государственная регистрация пестицидов (агрохимикатов)	Заявление на выдачу лицензии/разрешения	Акционерное общество "Национальные информационные технологии"	Электронная
4	K2300000017799	11.11.2013 06:15:02	Выдача экспортной лицензии на экспорт зерно в государственные ресурсы зерно	Заявление на выдачу лицензии/разрешения	Акционерное общество "Казахстанбанк"	Бумажная
5	K2270000018241	11.11.2013 19:45:31	Принятие племенного свидетельства или эквивалентного ему документа, выданного на импортируемую племенную продукцию (материал) компетентными органами стран-экспортеров	Заявление на выдачу лицензии/разрешения	Акционерное общество "Национальные информационные технологии"	Электронная

4. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі өтінімге кіріс нөмірін береді және осы қызметтің бизнес-процесіне сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын таңдайды. Осыдан кейін "Сақтау" түймесін басады.



6. Тапсырма жауапты орындаушының "Өндеуге арналған тапсырмалар" қосымша бетіне түседі. Өтінімді өндеу үшін "Маманның есептік жазуы" арқылы кіру қажет. Ол үшін "Өндеуге арналған тапсырмалар" тапсырмасын ашу қажет. Жауапты орындаушы барлық қосымша беттерді тексеруі тиіс.



7. Орындаушы "Редакциялау" түймесін басады және барлық құжаттардың дұрыстығын тексереді. Барлық қажетті құжаттар бар болса және сәйкес келсе, "Барлығы ұсынылған" және "Сақтау" түймелерін басады. Тиісті жолдарға қанат

белгілерін қоюға (бар, сәйкес келеді), сондай-ақ құжаттар сәйкес келмеген жағдайда оларды қабылдаудан бас тартуға болады.

Название	Приложенный документ	Форма сведений	Обязательность	Квал. требование	Предоставлено	Соответствует квал. требованию	Примечание на русском языке	Примечание на казахском языке
Заявление	Скачать	☒	☒	☐	☒	☒		
Опись планируемой к ввозу племенной продукции (материала) (электронный документ)	Скачать	☐	☒	☐	☒	☒		
Племенное свидетельство или эквивалентное ему документ, выданный компетентным органом страны-экспортера (электронный документ)	Скачать	☐	☒	☐	☒	☒		
Нотариально засвидетельствованный перевод племенного свидетельства или эквивалентного ему документа на государственный или русский язык (одного образца) (электронный документ)	Скачать	☐	☐	☐	☒	☒		

Вид платежа	Статус платежа	Приложенный документ	Оплаченная сумма	Номер документа	Дата документа	Банк оплаты	Налоговый орган	Код бюджетной классификации (КБК)	Код назначения платежа (ОНП)	ИВК
-------------	----------------	----------------------	------------------	-----------------	----------------	-------------	-----------------	-----------------------------------	------------------------------	-----

8. Қызметті берушінің жауапты орындаушысы "Шешім" тапсырмасын ашады, "Редакциялау" тапсырмасын басады және тиісті мәліметтерді толтырады. Барлық қажетті деректерді толтырып болғаннан кейін "Сақтау" және "Дайын" тапсырмаларын басады.

Языковые параметры

Язык обработки*: Русский

Результат решения

Статус решения*:
Не определено
Не определено
Одобрить
Отказать

Қызмет көрсетуден бас тартқан жағдайда қызметті берушінің жауапты орындаушысы: "Бас тартудың себебі" жолын толтырады.

Просмотреть форму сведений

Данные задачи | Список решений | Итоговые | Данные заявления | Форма сведений | Прикрепленные документы | Отсканированные документы | Решение | Регистрационная информация | Результат согласия

Редигировать | Сохранить | Отмена | Предпросмотр

Готово

Языковые параметры

Язык обработки*: Русский

Результат решения

Статус решения*: Отказать

Назначение отказа

Причина отказа на русском*: Документы не соответствуют требованиям

Оң шешім шығарған жағдайда қызметті берушінің жауапты орындаушысы "Беру негіздемесі" жолын толтырады және танылған өнімнің тізімдемесін қосады.

Просмотреть форму сведений

Результат согласия | Данные заявления | Прикрепленные документы | Результаты скана данных | Список решений | Регистрационная информация | Отсканированные документы | Итоговые | Отсканированные документы | Итоговые | Отсканированные документы

Редигировать | Сохранить | Отмена | Предпросмотр

Готово

Языковые параметры

Язык обработки*: Русский

Результат решения

Статус решения*: Дайын

Назначение/Разрешение

Основание для выдачи на русском

Итоговые заявления

Название документа: Файл*: Приложение (рус)



Выбор сотрудника

Выбрать себя

- Все сотрудники лицензиара
 - Ирина - Эксперт
 - Асет Асет - Вице-Президент
 - Хасенов Сакташ Сатыбалдинович - Председатель комитета
 - Нарс Алнабек Нарсович - Заместитель председателя
 - Албертжан Рахметов Дайыржанович - Начальник управления
 - Юсупова Гульнар Нұжанедьларовна - Главный эксперт
 - Сүлейменов Алмат Темурбулатович - Эксперт
 - Бугаев Кудайберды Мырзажанович - Главный эксперт
 - Абдуллин Арман Максutowич - Эксперт
 - Хохлачева Галина Александровна - Эксперт
 - Шарипова Алия Айтбатыровна - Канцелярия
 - admin admin admin
 - kgiak admin - Архивариус

OK Отмена

9. "Шешім" бетіндегі мәліметтерді толтырып, "Дайын" түймесін басқаннан кейін, тапсырма көрсетілетін қызметті берушінің басшысына түседі.



10. Шешімге қол қойған соң көрсетілетін қызметті алушы құжатты қарап, "Менің рұқсат етілген құжаттарым" бетіне көшіріп ала алады. Қол қойылған шешім "РҚ тізілімі" бетінде сақталады.

